

"2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 29 наурыздағы N 384 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 24 қазандағы N 605 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 22 қарашада N 4341 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 04 сәуірдегі N 13-12/1690 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы әкімдігінің 04.04.2013 N 13-12/1690 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңына, "Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы N 620 қаулысына сәйкес, Қызылорда облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 29 наурыздағы N 384 "2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 4298 тіркелген, 2012 жылғы 7 сәуірде "Сыр бойы" газетінде, 2012 жылғы 7 сәуірде "Кызылординские вести" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ, оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізу үшін осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес құрамда облыстық әскерге шақыру комиссиясы құрылсын.";

қаулының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі облыстық әскерге шақыру комиссиясы құрамында облыстық медициналық комиссиясын құрсын."

аталған қаулының 1-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы қаулының 1-1-қосымшасына сәйкес облыстық әскерге шақыру комиссиясының резервтік құрамы бекітілсін";

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Р. Нұртаева жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Б. Қуандықов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Қызылорда облысы және
Байқоңыр қаласы бойынша
департаменті" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
_____Б. Байғазиев

"19" қазан 2013 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының ішкі
істер департаменті"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
_____Ж. Бақтыбаев

"22" қазан 2013 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының
қорғаныс істері жөніндегі департаменті"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
_____Р. Нуралиев

"22" қазан 2013 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті
Шекара қызметінің 2019 әскери
бөлімінің командирі

"22" қазан 2013 жыл

Қызылорда облысы әкімдігінің
2012 жылғы "24" қазандағы
N 605 қаулысына 1-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2012 жылғы 29 наурыздағы
N 384 қаулысына 1-қосымша

Облыстық әскерге шақыру комиссиясының құрамы

Нұртаев Рзақұл Сәденұлы	-	Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары, комиссия төрағасы;
Нуралиев Раджаб Таурадыбаевич	-	"Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша);
Комиссия мүшелері:		
Шаймағамбетов Әмірбек Бердібекұлы	-	"Қызылорда облысының ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);
Серімханов Құмарғазы Қазыбайұлы	-	"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);
Серғазиев Сакен Бақтыбергенұлы	-	"Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, медициналық комиссиясының төрағасы;
Базарбаев Сабит Қуанарұлы	-	"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің бөлім бастығы (келісім бойынша);
Жылқыбаева Динара Қадырбергенқызы	-	"Облыстық жұкпалы аурулар ауруханасы" мемлекеттік мекемесінің мейірбикесі, комиссия хатшысы.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2012 жылғы "24" қазандағы
N 605 қаулысына 2-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2012 жылғы 29 наурыздағы
N 384 қаулысына 1-1-қосымша

Облыстық әскерге шақыру комиссиясының резервтік құрамы

Ұранхаев Нұрлан Телманұлы	-	Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
Ысқақов Жомарт Анафияұлы	-	"Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының бірінші орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша);
Комиссия мүшелері:		

Шохатаев Махмудин Мұхтарұлы	-	"Қызылорда облысының ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);
Жармаханов Ғалымжан Алтынбекұлы	-	"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің бөлім бастығы (келісім бойынша);
Күлтаева Ляйля Айтбайқызы	-	"Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары;
Тюлендин Дулат Равильұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті шекара қызметінің "Оңтүстік" өңірлік басқармасының 2019 әскери бөлімінің әскери медицина қызметінің бастығы (келісім бойынша);
Ерғалиева Жанар Шайхисламқызы	-	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық медицина орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мейірбикесі, комиссия хатшысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК